

Халықтың мақсатты тобынан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 6 ақпандағы N 51 қаулысы. Ақтөбе облысының Алға аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 13 ақпанда N 3-3-71 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 15 маусымдағы № 231 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 2011.06.15 № 231 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын мекемелердің тізбесі (қ о с ы м ш а) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2009.04.28 N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) қаулысымен

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін меншік түрлеріне қарамастан аудан ұйымдарына "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісім-шартқа отырып, сонымен қатар келісім-шартқа сәйкес алты ай мерзіміне дейін жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдауды жүзеге асыру ұсынылсын.

3. "Алға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (А.Нұржан) белгіленген тапсырма және осы мақсатқа бөлінген қаражат шегінде мекемелер берген қажеттілікке сәйкес жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына уақытша жұмысқа орналастыру үшін жолдасын. Жұмыс берушілермен келісім-шартқа отыру кезінде әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмысшылардың еңбекақысының көлемі олардың нақты мүмкіндіктеріне сәйкес белгіленсін. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмысшылардың еңбекақысы шығындарын жұмыс берушілерге 20000 теңгеден аспайтын мөлшерде ішінара өтеу жүргізілсін. Бюджет қаражаты кәсіпорынның, ұйымның есеп-шотына бағытталады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2009.04.28 N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз),

2009.09.01 N 333 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз), 2009.12.25 N 455 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) қаулылармен

4. "Алға аудандық қаржы бөлімі" ММ (Т.Төлегенов) 002 - 102 – 149 "Тұрғындарды жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар" бюджеттік бағдарламасы бойынша тиісті жылдың аудан бюджетінде қарастырылған қаражаттар шегінде қаржыландыруды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Аққағазовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

М.Тағымов

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

6

а қ п а н д а ғ ы

N

5 1

қа у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2009.04.28 N 155 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз), 2010.03.03 N 55 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) қаулысымен

Алға ауданында 2009 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын мекемелердің тізбесі

р/с	Мекемелер атауы	Әлеуметтік орындар саны	жұмыс
1	Жеке кәсіпкерлер	10	
2	Шаруа қожалықтары, ауылдық тұтыну кооперативтері	95	
3	Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер	10	
	Барлығы:	120	